



"Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 117-бабының 2-1)-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Педагог" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. "Техникалық және кәсіптік білімнің педагогикалық мамандықтары бойынша кәсіби стандарттары бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 13 қыркүйектегі № 373 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8819 болып тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің техникалық және кәсіптік білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік жасайтын Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ш. Каримова

Оқу-ағарту министрінің м.а.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік

"Педагог" кәсіптік стандарты

1- тарау. Жалпы ережелер

1. "Педагог" кәсіптік стандарты (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 117-бабының 2-1) тармағына сәйкес әзірленді және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қоспағанда, білім берудің барлық деңгейлеріндегі педагогтердің біліктілік деңгейіне, құзыретіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Стандарт:

1) педагогикалық қызметтің мазмұнын, оның даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды сипаттайды;

2) педагогтерді даярлау мен біліктілігін арттырудың, басқа қызмет салаларындағы мамандарды қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз болып табылады;

3) кәсіби өрлеу құзыреттілігін мамандыққа дайындалудан және оған кірісуден бастап педагогикалық шеберлікке дейін сипаттайды;

4) нақты педагогтің еңбек қызметі мен практикада кәсіби дәлелденген эталонының арақатынасының негізін қалыптастырады;

5) педагогке өз мансабын кәсіби дамытуға мүмкіндік береді;

6) педагогтің біліктілік деңгейлерінің, еңбек функциялары мен кәсіби даму дәрежесінің дифференциалды бағалау құралы болып табылады;

7) педагогке өзгерістер мен инновациялық процестерге белсенді жауап беріп, оқыту мен тәрбиелеуде лидерлік қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді;

8) педагогтердің кәсіби дамуының навигаторы болып табылады.

3. Стандарттың қолданылу саласы:

1) педагогтің кәсіби құзыреттілігін бірыңғай түсінуді қамтамасыз ету және қоғамның мүдделі тараптарын хабардар ету;

2) кәсіптік оқыту бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұнын айқындау;

3) педагогикалық қызметті жобалау мен жүзеге асырудағы педагогтің кәсіби құзыреттілігін сипаттау;

4) педагогтің кәсіби қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін дамыту;

5) педагогтің біліктілік талаптары мен еңбек функцияларының деңгейлерін белгілеу және бағалау;

6) өзгерістерді басқару және өзінің педагогикалық қызметінің мазмұнын бейімдеу.

4. Осы стандартта мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) кәсіби қызмет (еңбек функциясы) – бір немесе бірнеше еңбек міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;

2) оқыту/тәрбиелеу және оқыту тәжірибесі – білім алушылардың/тәрбиеленушілердің оқыту процесін ұйымдастырудағы, білім беру мазмұнын игерудегі және тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудағы жоспарлы және жүйелі қолдау көрсетуге бағытталған оқыту мен тәрбие мақсаттарын іске асырудағы педагогтің қызметі;

3) инновациялық процесс – білім беру жүйесінде инновацияларды құруға, игеруге, пайдалануға және таратуға бағытталған кешенді қызмет;

4) проактивтілік – импульсивті реакцияларға басымдық беруге және берілмеуге көмектесетін дағды;

5) қауіпсіз білім беру ортасы – білім беру ұйымының ішкі өмірінің тұтас сапалық сипаттамасы, ол жеке тұлғаны оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың барлық оң мүмкіндіктерінің жиынтығы болып табылады.

5. Осы кәсіптік стандартта келесі қысқартулар қолданылады:

БТБА – жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

БА – басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

СБШ – салалық біліктілік шеңбері.

2- тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

6. Кәсіптік стандарттың атауы: "Педагог".

Кәсіптік стандартты әзірлеудің мақсаты: кәсіби педагогикалық қызметтің мазмұны мен сапасына бірыңғай талаптарды белгілеу, педагогтердің біліктілік деңгейін бағалау, аттестаттауды жүргізу, лауазымдық нұсқаулықтарды қалыптастыру, біліктілікті сертифицикаттау және растау, кадрлар даярлау.

Стандарт педагогті даярлаудың, біліктілігін арттырудың және үздіксіз кәсіптік оқыту мүмкіндіктерінде білім беру бағдарламаларының негізін, қызметтің басқа салаларындағы мамандарды қайта даярлаудағы басымдықтарды айқындайды, педагогті оқыту және білім беру/тәрбиелеу тәжірибесін, қоғамның сенімі мен құрметін, педагогтің кәсіби адалдығын қолдауға, кәсіби

қоғамдастықта білім беру/оқыту және тәрбиелеуде педагогтің көшбасшылығын дамытуға ықпал етеді.

7. Кәсіби топ:

Мамандар – білім беру саласындағы кәсіби мамандар.

8. Кәсіби кіші топ:

колледждердің және басқа да техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының инженерлік-педагогикалық қызметкерлері (колледж оқытушысы);

орта мектеп мұғалімдері (мектеп педагогі);

бастауыш мектептегі мұғалімдер және мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының тәрбиешісі);

басқа мамандар - білім беру саласындағы мамандар.

9. Педагогтердің кәсіби қызметінің жалпы сипаттамасы осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес педагогтің кәсіби құзыреттерінің шеңберін қамтиды.

10. Педагогтердің біліктілік санаттары бойынша құзыреттілік критерийлері арттыру қағидаты негізінде құрылымдалып, осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

Кәсіптер карточкалары осы кәсіптік стандарттың қосымшасында көрсетіледі.

11. Кәсіптер тізімі:

1) Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының тәрбиешісі – СБШ бойынша 5-6 деңгейлер;

2) Осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Мектеп педагогі – СБШ бойынша 4-7 деңгейлер;

3) Осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының оқытушысы – СБШ бойынша 6 деңгей;

4) Осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Өндірістік оқыту шебері – СБШ бойынша 5-6 деңгейлер;

5) Осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Қосымша білім беру педагогы – СБШ бойынша 6 деңгей;

6) Осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Арнайы педагог – СБШ бойынша 6 деңгей;

7) Осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Педагог-психолог – СБШ бойынша 6-7 деңгейлер;

8) Осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес Әлеуметтік педагог – СБШ бойынша 6 деңгей.

"Педагог" кәсіптік
стандартына
1-қосымша

Құзыреттер	Критерийлер	Индикаторлар
1. Кәсіби құндылықтар Өзінің кәсіби қызметін құрмет пен жауапкершілік, адалдық пен әділеттілік негізінде орындайды.	1.1 Педагог мамандығына адалдық	1.1.1 Барлық білім алушылардың/тәрбиеленушілердің білім беру мақсаттарына қол жеткізу қабілетіне сенімділік танытады; 1.1.2 Педагог мамандығына адалдығын көрсетеді; 1.1.3 Өз қызметіндегі қолданыста нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.
	1.2 Азаматтық	1.2.1 Қазақстанның ұлттық және мәдени құндылықтарына адалдығын білдіреді; 1.2.2 Жаһандық мәдени және түрлі тілдерге құрмет көрсетеді; 1.2.3 Оқыту мен тәрбиелеу процесіне қазақ мәдениеті мен тілінің, Қазақстан халқының өзге мәдениеттері мен тілдерінің байлығын интеграциялайды; 1.2.4 Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу қағидаттарын ұстанады.
	1.3 Кәсіби әдепті сақтау	1.3.1 Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке басына және олардың ата-аналарына//заңды өкілдеріне құрмет көрсетеді; 1.3.2 Кәсіби-әдеп нормаларды түсінеді және басшылыққа алады.
	1.4 Жауапкершілік	1.4.1 Өзінің кәсіби деңгейін сақтауға және дамытуға жауапты; 1.4.2 Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің академиялық жетістігі мен тәрбиесі үшін жауапкершілікті танытады; 1.4.3 Өз құзыреті шеңберінде білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдеседі; 1.4.4 Білім беру және тәрбие процесіне

		деген педагогикалық қоғамдастықтың жауапкершілігін сезінеді.
	1.5 Белсенділік	1.5.1 Өзгерістерге қатысты белсенділік танытады және білім беру мен тәрбие процесін жақсарту үшін инновацияларды енгізеді; 1.5.2 Білім алушыларды/тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеудегі тәуекелдерді басқарады; 1.5.3 Өзін-өзі реттеу, стресске төзімділік дағдыларын иемденеді.
2. Кәсіби білім: Білім беру, мәдени құндылықтар және оқыту теориясы саласындағы стратегиялық құжаттарды білу негізінде сапалы оқытудың педагогикалық тәсілдерін түсінеді.	2.1 Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін білім беруде, оқыту мен тәрбиелеуде ескеру	2.1.1 Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жас, тұлғалық, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін түсінеді; 2.1.2 Инклюзивті орта құру және білім алушыларды/тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеу процесіне қатыстыру стратегияларын меңгереді; 2.1.3 Пәнді, тілді және мәдени құндылықтарды сапалы оқытуды қамтамасыз ететін көптілді ортада тиімді оқытудың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын біледі және игереді. Пәнді оқыту тілін кәсіби C1 деңгейінде меңгереді; 2.1.4 Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеу процесін қалыптастырады.
	2.2 Пәнді, оны оқыту әдістемесін және білім алушыларды/тәрбиеленушілерді бағалау құралдарын білу	2.2.1 Пән/пәндік сала туралы білімді демонстрациялайды; 2.2.2 Оқу және білім беру бағдарламасының негіздерін түсіне алады; 2.2.3 Сабақты жоспарлау, жоспар әзірлеу және өткізу кезінде бағалау әдістерін меңгереді; 2.2.4 Білім алушының/тәрбиеленушінің танымдық процесінің ерекшеліктеріне сай оқыту және тәрбиелеу әдістерін меңгереді; 2.2.5 Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің күнделікті өмірде білімдерін қолдану дағдыларын қалыптастырудың тиімді стратегияларын меңгереді; 2.2.6 Оқыту мен тәрбиелеу мүмкіндіктерін кеңейту үшін оқу

		процесінде ақпараттық технологияларды қолданады.
1.3. Оқыту практикасы/оқыту және тәрбиелеу Оқу процесін жоспарлайды, барлық білім алушылар/тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, қолайлы орта ұйымдастырады және оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді	3.1 Оқыту процесін жоспарлау/оқыту және тәрбиелеу	3.1.1 Оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына сәйкес білім беру процесін жоспарлайды; 3.1.2 Білім алушының/тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту/тәрбиелеу технологияларын және оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына сәйкес бағалау стратегияларын таңдайды; 3.1.3 Оқу процесіне әріптестерін, білім алушыларды/тәрбиеленушілерді және ата-аналарын/заңды өкілдерін тартады.
	3.2 Қауіпсіз, қолайлы оқыту және дамыту ортасын құру	3.2.1 Қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етеді; 3.2.2 Сабақта әрбір білім алушыға/тәрбиеленушіге қолайлы оқу ортасын құрады; 3.2.3 Білім алушының/тәрбиеленушінің мотивациясы мен тұлғалық дамуына қолайлы инклюзивті жағдай жасайды; 3.2.4 Білім алушының/тәрбиеленушінің цифрлық ортада қауіпсіздігі мен әдептілігін қамтамасыз етеді.
	3.3 Оқыту және тәрбиелеу процесін іске асыру	3.3.1 Сабақта оқыту мен тәрбиелеу мақсатына қол жеткізеді; 3.3.2 Білім алушыларды/тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеудің жоғары нәтижелеріне ынталандырады және оларға қолдау көрсетеді; 3.3.3 Білім алушының/тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту және тәрбиелеу мақсаттарына сәйкес оқыту/тәрбиелеу технологияларын пайдаланады.
	3.4 Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жетістіктерін бағалау	3.4.1 Әр түрлі бағалау құралдарын қолданады; 3.4.2 Оқыту тәжірибесін жақсарту үшін бағалау нәтижелерін қолданады; 3.4.3 Бағалау нәтижелері бойынша уақтылы, тиімді кері байланыс орнатады; 3.4.4 Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің оқу жетістіктеріне тұрақты мониторинг жүргізеді; 3.4.5 Бағалау жүргізу кезінде академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.
	3.5 Оқыту және тәрбиелеу	3.5.1 Білім алушының/тәрбиеленушінің

	процесіндегі ынтымақтастық	жеке даму траекториясын құру үшін ата-аналармен/занды өкілдермен өзара байланыс орнатады; 3.5.2 Білім беру процесін жақсарту үшін кәсіби қауымдастықтар мен мүдделі тараптар шеңберіндегі әріптестермен ынтымақтастықта болады.
4. Кәсіби даму Өзінің кәсіби өсуін басқарады және тиімді педагогикалық қызмет үшін құзыреттерді дамытады.	4.1 Өзінің және әріптестерінің тәжірибесіне рефлексия жасайды	4.1.1 Өзінің және әріптестерінің тәжірибесін талдайды; 4.1.2 Әріптестермен өзара іс-әрекетте өз практикасын дамыту салаларын айқындайды; 4.1.3 Өз тәжірибесін үздіксіз жақсартуды жоспарлайды; 4.1.4 Әріптестерімен, кәсіби қоғамдастық және ата-аналар қауымдастығымен өзара әрекеттесу барысында өз тәжірибесіндегі өзгерістердің тиімділігін бағалайды.
	4.2 Өзін-өзі дамыту сапасын басқару және көшбасшылыққа ұмтылу	4.2.1 Әріптестерімен бірлесіп өзінің кәсіби құзыреттеріне талдау жүргізеді; 4.2.2 Өзінің кәсіби білімін, дағдылары мен құзыреттерін дамытудың тиімді жолдарын белгілейді; 4.2.3 Өзінің кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігін қадағалайды; 4.2.4 Өз тәжірибесін таратады, әріптестерінің тәжірибесін зерттеуге қатысады және жас педагогтер мен педагогикалық қоғамдастыққа кәсіби қолдау көрсетеді.

"Педагог" кәсіптік
стандартына
2-қосымша

Педагогтердің біліктілік санаттары бойынша құзыреттілік критерийлері арттыру қағидаты негізінде құрылымдалған

Құзыреттілік критерийлері	Педагог-тағылымдамашы/педагог	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог
1.КӘСПТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР					
1.1 Педагог мамандығына адалдық					
1.2 Азаматтық					
1.3 Кәсіби этиканы сақтау					
1.4 Жауапкершілік					
1.5 Проактивтілік					
2.КӘСПТІК БІЛІМ					
2.1	Білім	Білім	Білім	Білім	Білім
алушылардың/тәрбиеленушілердің ерекшеліктерін	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке дамуы	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке үшін	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке үлгерімін қадағалау	Диагностика негізінде білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке	Білім алушыларды/тәрбиеленушілерді дамытудың жеке траекториясын ерекше

беру, оқыту және тәрбиелеуде ескеру	педагогика мен психологияның заманауи тәсілдерін демонстрациялайды	стратегияларын демонстрациялайды	білім беру бағытын таңдайды	жобалайды	оқыту бағдарында әдістерді
2.2 Пәнді, оны оқыту әдістемесін және білім алушылардың/тәрбиеленушілерді бағалау құралдарын білу	Білім беру міндеттерін айқындауды біледі, сабақ жоспарлауды жүзеге асырады, әртүрлі әдістерді, оқыту стратегияларын және бағалау құралдарын меңгереді	Оқу сабақтарын жоспарлай алады, білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әдістерді таңдайды	Меңгерудің қиындықтарын ескере отырып, білім берудің/іс-әрекетті ұйымдастырудың, бағалаудың қолайлы технологиялары мен стратегияларын таңдайды	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері негізінде оқыту/тәрбиелеу процесін жобалайды	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері негізінде оқыту/тәрбиелеу процесін жобалайды
3.БІЛІМ БЕРУ/ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ТӘЖІРИБЕСІ					
3.1 Оқыту және тәрбиелеу процесін жоспарлау	Тәлімгердің басшылығымен оқу мақсатына негізделген сабақты/іс-әрекетті жоспарлайды	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып сабақты/іс-әрекетті жоспарлайды және бағалаудың қажетті әдістемелері мен құралдарын айқындайды.	Пәнаралық тәсіл, бағалау технологиялары мен стратегияларын талдау негізінде жеке қабілеттерді ескере отырып, оқыту және тәрбиелеу процесін жоспарлайды.	Тәжірибені зерттеу нәтижелерін пайдалана отырып, білім беру/оқыту және тәрбиелеу процесінің мазмұнын жоспарлайды.	Авторлық негізінде беру/оқыту және тәрбиелеу процесінің мазмұнын жоспарлайды.
3.2 Қауіпсіз және қолайлы білім беру және дамыту ортасын құру.	Өз жұмысында қауіпсіз және қолайлы білім беру/дамыту ортасының нормалары мен әдеп нормаларын сақтайды.	Қауіпсіз және қолайлы білім беру/дамыту ортасын қолдайды, өз жұмысында этикалық нормаларды қолданады	Қауіпсіз және қолайлы білім беру/дамыту ортасын қамтамасыз етеді, өз жұмысында жоғары этикалық нормаларды басшылыққа алады	Қауіпсіз және қолайлы білім беру/дамыту ортасын басқарады, әріптестеріне этикалық нормаларды түсінуде қолдау көрсетеді	Қауіпсіз және қолайлы білім беру/дамыту ортасын басқарады, тиімді тәрбиелеу нормаларын ұлгісіне
3.3 Оқыту және тәрбиелеу процесін іске асыру	Танымдық/білім беру процесінің принциптерін ескере отырып, сабақ/іс-әрекет ұйымдастырады және күтілетін нәтижелерге қол жеткізеді.	Күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін бағалаудың қолайлы әдістемелері мен құралдары негізінде білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып сабақ/ іс-әрекет ұйымдастыру	Пәнаралық байланыстарды, бағалаудың технологиялары мен стратегияларын қолданады және жеке қабілеттері мен қажеттіліктерді ескереді.	Авторлық технологиялар мен бағалау стратегиялары негізінде оқытудың/тәрбиелеудің интеграцияланған процесін іске асырады.	Тәжірибелік нәтижелерді отырып тәрбиелеу процесін іске асырады.
3.4 Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің білім жетістіктерін бағалау	Ата-аналарды/ заңды өкілдерді оқыту/тәрбиелеу нәтижелері бойынша хабардар етеді, әріптестерімен білім алушылардың/тәрбиеленушілердің білім жетістіктерін бағалау	Білім алушылармен/тәрбиеленушілермен және ата-аналармен/ заңды өкілдермен білім беру/тәрбиелеу нәтижелерін және жақсарту	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қабілеттерінің өсуі мен дамуын бағалайды және қадағалайды	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің даму мониторингі нәтижелерін пайдалану бойынша педагогикалық қоғамдастық үшін	Педагогикалық қоғамдастық үшін

	енушілердің үлгерімі мен дамуын талқылайды.	жолдарын талқылайды.		ұсынымдар әзірлейді	
3.5 Оқыту және тәрбиелеу үдерісіндегі ынтымақтастық	Өзінің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында тәлімгермен және әріптестерімен өзара іс-әрекет жасайды	Білім беруді/тәрбиелеуді жоспарлау мәселелерінде әріптестермен өзара іс-әрекетке белсенді қатысады, ата-аналармен/заңды өкілдермен сенімді қарым-қатынас орнатады	Білім беруді/тәрбиелеуді жоспарлау мәселелерінде әріптестермен кәсіби қарым-қатынас орнатуға әрекет жасайды, ата-аналармен/заңды өкілдермен сенімді қарым-қатынас орнатады.	Әріптестермен кәсіби пікірталас орнатады және ата-аналармен/заңды өкілдермен сенімді қарым-қатынасты қолдайды	Желі қауымы және аналар өкілдермен сарап басқа тұлға
4.КӘСІПТІК ДАМУ					
4.1 Өзінің әріптестерінің тәжірибесіне рефлексия жасау	Танымдық/білім беру процесінің принциптерін отырып, педагогикалық тәжірибелерді зерттейді	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке қабілеттері мен қажеттіліктері ескерілген өзін және әріптестердің тәжірибелері мен өзекті нәтижелерін талдайды.	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін дамыту бойынша өз тәжірибесінің нәтижелерін және әріптестердің зерттеулерін бағалайды.	Өзекті зерттеулер негізінде жеке оқыту/тәрбиелеу әдістемесін әзірлейді.	Білім тәрбиеленуші оқыту бірінші жоба
4.2 Өзін-өзі дамыту сапасын басқару және көшбасшылыққа ұмтылу	Білім беру/тәрбиелеу және оқыту тәжірибесін жетілдірудегі өз қажеттіліктерін айқындайды, әріптестерімен өзара іс-әрекет жасайды	Білім беру және тәрбиелеуде тәжірибесі мен әріптестері тәжірибесінің дамуын талдайды.	Өзінің және әріптестерінің тәжірибесінде себеп-салдарлық байланыстарды бағалайды	Әріптестерімен бірге сабақты/іс-әрекетті зерттейді және білім беру ұйымдарында білім беру/тәрбиелеу тәжірибесін жақсарту үшін зерттеу нәтижелерін таратады	Білім ұйымы зерттеу үйлестіру нәтижелерін педагог қоғам тараптан даму қолда

"Педагог" кәсіптік стандартына 3-қосымша

КӘСІПТЕР КАРТОЧКАСЫ: "Педагог. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі"	
Код:	236
Топ коды:	2362
Мамандық:	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі
Мамандықтың басқа атаулары:	Тәрбиеші
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5
Қызметтің негізгі мақсаты	Балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуын ұйымдастыру, ұйымдастырылған балалар және жүргізу, олардың қауіпсіздігі мен денсаулық жағдайын бақылау
	Негізгі кәсіби қызметі
	1. Тәрбие және білім беру процесін жүзеге асыру;

Кәсіби қызметі		2. Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу
	Қосымша кәсіби қызметі	1. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға; 2. Өзін-өзі оқыту.
Кәсіби қызметі 1. Тәрбие және білім беру процесін жүзеге асыру	1-міндет: оқу-тәрбие процесін жоспарлау	Білім: 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемелері; 2. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас физиологиялық ерекшеліктері; 3. Санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз ету талаптар. Білік пен дағдылары: 1. Циклограмма жасау; 2. Тәрбиеленушілердің негізгі қызмет түрлерін басқару; 3. Оқыту әдістемелері мен технологияларын, тәрбие процесінің нысандарын, әдістері мен тәсілдерін қолдану; 4. Балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін әлеуметтік және педагогикалық жағдайлар жасау; 5. Пәндік-кеңістіктік қауіпсіз даму ортасын құру.
	2-міндет: тәрбие және білім беру процесін ұйымдастыру	Білім: 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттеу құқықтық актілер; 2. Педагогикалық әдеп нормалары; 3. Жас ерекшелік физиологиясының, жас және жалпы педагогикалық теориялық негіздері. Білік пен дағдылары: 1. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен тұлғалық саулығын қамтамасыз ету; 2. Тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру; 3. Ойын қызметін ұйымдастыру үшін техникалық құралдарды пайдалану; 4. Ата-аналар қоғамымен ынтымақтасу; 5. Тәрбие және білім беру процесіне қатысатын тұлғалармен, ұйымның басқа қызметкерлерімен (дене шынықтырушы, музыка жетекшісі, дефектолог, психолог, медициналық қызметкерлермен) іс-әрекет жасау.
Кәсіби қызметі 2. Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу	1-міндет: тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу	Білім: 1. Мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын диагностикалау нәтижелерін есептеу әдістері; 2. Бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг жүргізу. Білік пен дағдылары: 1. Мектеп жасына дейінгі баланың жеке басын зерттеу, оның қиындықтарын анықтау және оған көмектесу; 2. Мониторинг жүргізу үшін цифрлық ресурстарды пайдалану; 3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арнайы бағдарламаны негізінде жеке бағдарлама жасау.
Кәсіби қызметі 3. Әдістемелік қызметті жүзеге асыру	1-міндет: білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды әзірлеу	Білім: 1. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын талаптар; 2. Білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды бағалау критерийлері.

		Білік пен дағдылары: 1. Балалардың жасына сәйкес дәлелденген және тандау; 2. Білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдар сапасын бағалау; 3. Білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдар қатысу.	
	2-міндет: біліктілікті арттыру және/немесе қайта даярлау	Білім: 1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш сынып жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен әдістерін, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтардың білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтардың білім аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13317 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының заңдары мен қаулыларымен бекітілген білім беру бағдарламалары мен әдістерін оқыту және оқыту бағдарламаларын әзірлеу, оқыту және бағалау; Білік пен дағдылары: 1. Кәсіби даму траекториясын құру; 2. Өзін-өзі кәсіби дамытуды жүзеге асыру.	
	3-міндет: өз озық педагогикалық тәжірибелерді тарату	Білім: 1. Тәжірибені тарату, зерттеу, айқындаудың алгоритмдерін әдістері 2. Озық тәжірибелерді жариялау және тарату әдістері Білік пен дағдылары: 1. Тәжірибені тарату.	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	Әдептілік, ізгілік, жоғары жауапкершілік және моральдық тұрақтылық, адалдық, жауапкершілік қарым-қатынас құра білу, ұқыптылық, ұйымшылдық, әдептілік такт.		
СБШ шеңберіндегі басқа мамандықтармен байланыс	2361 2373	Бастауыш сынып педагогі Қосымша білім беру педагогтері	
БТБА, БА немесе басқа мамандық анықтамалықтарымен байланыс	-		
Білім беру және біліктілік жүйесімен байланыс	Білім деңгейі: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім	Мамандық: 01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту 6B01 Педагогикалық ғылымдар	Біліктілік: 4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдастырудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оқыту педагогикасы
КӘСІПТЕР КАРТОЧКАСЫ: "Педагог. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі"			
Код:	236		
Топ коды:	2362		
Мамандық:	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі		
Мамандықтың басқа атаулары:	Тәрбиеші		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		

Қызметтің негізгі мақсаты	Балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуын ұйымдастыру, балалармен ойындар мен сөз және өткізу, олардың қауіпсіздігі мен денсаулық жағдайын бақылау, тәлімгерлікті және кәсіби дамудың басымдықтарын айқындау, дамытушы бағдарламаларды әзірлеу	
Кәсіби қызметі	Негізгі кәсіби қызметі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тәрбие және білім беру процесін жүзеге асыру; 2. Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу; 3. Ғылыми-әдістемелік қызметті жүзеге асыру.
	Қосымша кәсіби қызметі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Авторлық білім беру бағдарламаларын, ОӘК әзірлеу; 2. Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу.
Кәсіби қызметі 1. Тәрбие-білім беру процесін жүзеге асыру	1-міндет: оқу-тәрбие процесін жоспарлау	<p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуының психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері; 2. Ойын әрекетін зерттеу әдістері; 3. Тәрбиеленушілердің санитарлық-гигиеналық талаптарды қамтамасыз етуге қойылатын талаптар; 4. Дамушы пәндік-кеңістіктік ортаны құру бойынша тәсілдер. <p>Білік пен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Циклограмма жасау; 2. Балалар қызметінің негізгі түрлерін басқару; 3. Балалардың дамуындағы прогреске қол жеткізу процесінің міндеттерін сәтті шешу; 4. Қауіпсіз пәндік-кеңістіктік даму ортасын құруға қол жеткізу пайдалану.
	2-міндет: тәрбие және білім беру процесін ұйымдастыру	<p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттеу және құқықтық актілер; 2. Педагогикалық әдеп нормалары; 3. Жас ерекшелік физиологиясының, жас және жалпы даму теориялық негіздері; 4. Ата-аналармен жұмыс істеудің тиімді нысандары мен әдістері. <p>Білік пен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету; 2. Тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру; 3. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту әдістемелерін, жаңа тәсілдерін, тиімді нысандарды қолдану; 4. Көпфункционалды даму ортасының мүмкіндіктерін пайдалану; 5. Кәсіби қызметте цифрлық технологияларды қолдану; 6. Ата-аналар қоғамымен өзара әрекеттесу; 7. Тәрбие-білім беру процесіне қатысатын мектепке дейінгі басқа қызметкерлерімен (дене шынықтыру нұсқаушысы, жетекшісі, дефектолог, психолог, медицина қызметкерімен) өзара әрекеттесу жасау. 8. Балалардың зерттеу дағдыларын дамыту; 9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерге қатысу.
Кәсіби қызметі 2. Тәрбиеленушілердің даму	1-міндет: тәрбиеленушілердің даму	Білім: 1. Балаларды, оның ішінде ерекше білім беру

деңгейіне мониторинг жүргізу	деңгейіне мониторинг жүргізу	<p>балаларды диагностикалау тетігі;</p> <p>2. Бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг жүргізу тетігі;</p> <p>Білік пен дағдылары:</p> <p>1. Педагогикалық практиканы зерттеуге арналған құралдарды пайдалану;</p> <p>2. Мониторинг нәтижелерін өңдеу және жүйелі талдау;</p> <p>3. Мониторинг жүргізу үшін цифрлық ресурстарды пайдалану;</p> <p>4. Мониторинг/зерттеу нәтижелері негізінде талдау нәтижелерін жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеу;</p> <p>5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған бағдарлама негізінде жеке бағдарлама жасау.</p>
<p>Кәсіби қызметі</p> <p>3. Ғылыми-әдістемелік қызметті жүзеге асыру</p>	<p>1-міндет:</p> <p>білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды әзірлеу және сынақтан өткізу</p>	<p>Білім:</p> <p>1. Оқулықтар мен оқу құралдарының авторларына қол жеткізілуі;</p> <p>2. Білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды әзірлеу және әзірлеу негіздері;</p> <p>3. Білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды бағалау критерийлері.</p> <p>Білік пен дағдылары:</p> <p>1. Көпшілік алдында сөйлеу және аудиториямен жұмыс істеу дағдыларын қолдану;</p> <p>2. Оқу бағдарламаларын, тәрбие мен оқыту әдістерін қолдану қабілеттері мен дағдыларын пайдалану;</p> <p>3. Авторлық бағдарлама мен әдістемелік құралдарды әзірлеу;</p> <p>4. Жобалау дағдыларын меңгеру.</p>
	<p>2-міндет:</p> <p>біліктілікті арттыру және / немесе қайта даярлау</p>	<p>Білім:</p> <p>1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш сынып оқушысының жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін мамандардың білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13317 болып тіркелген);</p> <p>Білік пен дағдылары:</p> <p>1. Өзінің үздіксіз кәсіби педагогикалық дамуын жоспарлау;</p> <p>2. Өзінің кәсіби қызметінің рефлексиясын жүзеге асыру;</p> <p>3. Өз тәжірибенізді тарату.</p>
	<p>3-міндет:</p> <p>үздік педагогикалық тәжірибелерді жариялау</p>	<p>Білім:</p> <p>1. Проблемалық талдаудың мәні мен технологияларын пайдалану;</p> <p>2. Алгоритмді, тәжірибенің жариялау түрлерін, әдістерін пайдалану;</p> <p>зерттеу.</p>
	<p>4-міндет:</p>	<p>Білік пен дағдылары:</p> <p>1. Ұйымдастырылған қызметті талдау дағдыларын қолдану;</p> <p>2. Республикалық және халықаралық деңгейде өзінің тәжірибесін жариялау.</p> <p>Білім:</p>

	тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау	1. Тәлімгерлерге қойылатын талаптар; 2. Педагогикалық өзара әрекеттесудің негізгі тәсілдері; Білік пен дағдылары: 1. Тәлімгерлік және кәсіби дамудың басымдықтарын; 2. Педагогикалық қоғамдастықтағы даму стратегиялар; 3. Кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау.	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	Әдептілік, ізгі ниет, жоғары жауапкершілік және моральдық тұрақтылық, адалдық, жауапкершілік қарым-қатынас құра білу, ұқыптылық, ұйымшылдық, әдептілік сезімі.		
СБШ шеңберіндегі басқа мамандықтармен байланыс	2361	Бастауыш сынып педагогі	
	2373	Қосымша білім беру педагогтері	
	2347	Арнайы білім беру саласындағы педагогтер	
БТБА, БА немесе басқа мамандық анықтамалықтарымен байланыс	-		
Білім беру және біліктілік жүйесімен байланыс	Білім деңгейі: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім	Мамандық: 01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту 6B01 Педагогикалық ғылымдар	Біліктілік: 4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдастырудың білім беру педагогтері 6B012 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтері "Педагог" кәсіптік стандартына 4-қосымша

КӘСІПТЕР КАРТОЧКАСЫ: "Мектеп педагогі"

Код:	235 236	
Топ коды:	2350 2361	
Мамандық:	Мектеп педагогі	
Мамандықтың басқа атаулары:	Педагог	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4-5	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Білім алушының жеке басының білімін, іскерлігін, дағдыларын және интеллектуалдық қабілетін дамыту, шығармашылық және физикалық дамуын қалыптастыру.	
Кәсіби қызметі	Негізгі кәсіби қызметі	1. Оқу процесін жүзеге асыру; 2. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау; 3. Мамандыққа деген қоғамдық сенімді қолдау және қалыптастыру; 4. Оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру.
	Қосымша кәсіби қызметі	1. Дидактикалық материалдарды, әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу және қатысу; 2. Өзін-өзі дамыту процесінде айқындау; 3. Сынып нұсқаулығы.
Кәсіби қызметі 1. Оқу процесін жүзеге асыру	1-міндет: оқу процесін жоспарлау	Білім: 1. Білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілермен танысу; 2. Оқу пәнінің мазмұны, оқыту әдістемесі және бағалау; 3. Оқу қызметінің мазмұны. Білік пен дағдылары:

		<p>1. Тиісті оқыту әдістері мен бағалау құралдарын анық алушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктері мен жоспарларын жасау</p>
	2-міндет: оқу процесін ұйымдастыру	<p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> Еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі мен қағидалары; Оқыту әдістемесінің негіздері, оқытудың заманауи ақпараттық технологиялары; Жас және жеке даму заңдылықтары. <p>Білік пен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> Денсаулықты нығайтуға бағытталған оқу ортасын эмоционалды-психологиялық климатты қолдау; Оқушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктері мен оқытудың тиісті әдістері мен оқу жетістіктерін бағалау қолдану, сабақтар өткізу; Заманауи оқыту технологияларын қолдану; Кәсіби қызметте білім беру ресурстарының, әлеуметтік кең мүмкіндіктерін қолдану; Қажеттіліктер мен жас ерекшеліктерін ескеру және оқу әдістерін анықтау; Әрбір білім алушының ерекшеліктері мен қажеттіліктерін отырып, оның әлеуетін жетілдіру үшін қолжетімді оқыту қолдану; Тиімді коммуникацияны жүзеге асыру, білім алушылардың қызығушылықтарын дамыту; Оқуға деген ынтаны қалыптастыру.
Кәсіби қызметі 2. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау	1-міндет: білім алушылардың білім мазмұнын игеру барысы мен деңгейін бақылау	<p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> Білім алушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктері мен үлгерімін бақылау әдістері мен технологияларын <p>Білік пен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> Білім алушыларға критериалды бағалау жүйесін қолдану; Білім алушылардың үлгеріміне мониторинг жүргізу; Бағалау құралдарын әзірлеу.
Кәсіби қызметі 3. Мамандыққа деген қоғамдық сенімді қолдау және білім алушыларды құндылықтар жүйесіне тарту	1-міндет: мектепте және мектептен тыс этика мен мінез-құлықтың жоғары стандарттарын ұстану	<p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> Педагогикалық әдеп ережелері, "Педагогикалық мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу туралы заңның 2019 жылғы 20 сәуірінен бастап қолданыста болуы туралы) 2019 болып тіркелген). <p>Білік пен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> Педагогикалық қызметті адамгершілік, әдеп нормаларға сәйкес ұйымдастыру; Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін арқылы олардың мінез-құлқын басқару; Субъект-субъектілік өзара іс-әрекетте педагогикалық барлық қатысушыларын ұйымдастыру, білім беру технологиясын меңгеру.
	2-міндет: біртұтас құндылықтарды қабылдау арқылы тұлғаның құндылық-болмыс саласын	<p>Білім:</p> <ol style="list-style-type: none"> Мектептің тәрбие қызметін реттейтін нормативтік нұсқаулық құжаттар;

	кеңейту және нығайту	<p>2. Тәрбие жұмысының әдістемесінің негіздері, тұжырымдамалары;</p> <p>3. Денсаулықты нығайту және дене мәдениеті мұқим ұтымды технологиялары;</p> <p>4. Білім алушыларда әлемдік мәдениетті білім қалыптастыру тәсілдері.</p> <p>Білік пен дағдылары:</p> <p>1. Тәрбие жұмысының заманауи формалары мен әдістерін қолдану;</p> <p>2. Жеке даму траекториясын құра отырып, білім тұлғалық өсуін қолдау;</p> <p>3. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды түрлі мәдениетке ашықтықты көрсету;</p> <p>4. Білім алушының эмоционалды-құндылық саласын жұмысын жобалау (және баланың құндылыққа бағытталған төзімділік мәдениеті);</p> <p>5. Білім алушыларда салауатты және қауіпсіз өмір қалыптастыруға жәрдемдесу;</p> <p>6. Ата-аналармен, мұғалімдермен және қоғаммен ынтық жұмыс жүргізу.</p>
Кәсіби қызметі 4. Оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру	1-міндет: оқу-әдістемелік материалдарын дайындау	<p>Білім:</p> <p>1. Дидактикалық материалдарды жобалау және әзірлеу;</p> <p>Білік пен дағдылары:</p> <p>1. Сабаққа дидактикалық материалдарды әзірлеу;</p> <p>2. Бағдарламаларды әзірлеуге қатысу.</p>
	2-міндет: кәсіби дамуды жүзеге асыру	<p>Білім:</p> <p>1. Біліктілікті арттыруды/кәсіптік қайта даярлауды нормативтік құқықтық актілермен қамтамасыз ету;</p> <p>Білік пен дағдылары :</p> <p>1. Кәсіби қызметті жетілдірудегі өз қажеттіліктерін анықтау;</p> <p>2. Кәсіби үздіксіз білім беруді ресми, бейресми, ақпараттық жоспарлау.</p>
	3-міндет: Өзінің және әріптестерінің тәжірибесіне рефлексия жасау	<p>Білім:</p> <p>1. Тәжірибені тарату, зерттеу, айқындаудың алгоритмдерін әдістері</p> <p>Білік пен дағдылары:</p> <p>1. Өзінің кәсіби қызметі мен әріптестерінің тәжірибесін жасауды жүзеге асыру;</p> <p>2. Озық педагогикалық тәжірибелерді үйрену.</p>
	4-міндет: Білім беру процесін зерттеу	<p>Білім:</p> <p>1. Білім беру процесін зерттеу тәсілдері, әдістері, құралдары;</p> <p>Білік пен дағдылары:</p> <p>1. Білім беру процесін жетілдіру бойынша оқу нәтижелерін зерделеу</p> <p>2. Сабақты зерттеу/Lesson Study (Лессон Стади)</p>
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	Қарым-қатынас орнату білу, стресске төзімділік, өзін-өзі дамытуға дайындық, сыни ойлау, эмоционалды тепе-теңдік	
СБШ шеңберіндегі басқа мамандықтармен байланыс	2373	Қосымша білім беру педагогтері
	2347	Арнайы білім беру саласындағы педагогтер

	233	Колледж педагогтері	
	231-001	Университеттердің және басқа да жоғары білім бөлімдерінің профессорлық-оқытушылық құрамы	
